

## Жылу энергиясын тұтыну нормасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 05 тамыздағы N 295 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 4 қыркүйекте N 13-11-154 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 20 тамыздағы N 462 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 20.08.2014 N 462 қаулысымен.**

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына, «Монополияшы кәсіпорындардың қызмет көрсетулеріне бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі № 400 қаулысына, «Электр энергиясын пайдалану және Жылу энергиясын пайдалану ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы № 10 бұйрығының 67-тармағына сәйкес және жылу энергиясын тұтыну нормасын анықтау үшін ұсынылған есептеулер негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Агрофирма Эксимнан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылытатын Петровка ауылындағы тұрғын үйлер үшін жалпы алаңының бір шаршы метрге жылу энергиясын тұтыну мөлшері айына, жылыту мезгіліне 0,023 гекоколорий/м<sup>2</sup> көлемінде бекітілсін.

2. Теплоком-норд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылытатын Тайынша қаласының тұрғын үйлер үшін жалпы алаңының бір шаршы метрге жылу энергиясын тұтыну мөлшері айына, жылыту мезгіліне 0,0388 гекоколори/м<sup>2</sup> көлемінде бекітілсін.

**Ескерту. Қаулы 2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2009.12.28 N 518 Қаулысымен**

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК